

Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 28 қарашадағы № 167 "Халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың және қаржыландырудың ережесі туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Исатай ауданы әкімінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 66 қаулысы. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 маусымда N 4-4-137 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 114 қаулысымен.

Ескерту. Кіші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Қкімінің 15.07.2009 № 114 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Исатай аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 167 "Халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың және қаржыландырудың ережесі туралы" қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2008 жылы 30 желтоқсанда N 4-4-118 тіркелді, аудандық "Нарын таңы" газетінде 2009 жылы 29 қаңтарда N 5 ресми жарияланған).

2. Аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 167 "Халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың және қаржыландырудың ережесі туралы" қаулысының 2-қосымшасына жеке кәсіпкер "Закарина У" (келісім бойынша) енгізіліп, қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

З. Сүйнешов

Жеке кәсіпкер:
26. 04.2009ж.

К е л і с і л д і :
Закарина У.

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі
қаулысына қосымша N 66

Аудан бойынша әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылатын кәсіпорын, мекемелер тізбесі

N	Кәсіпорын, мекемелер атауы
---	----------------------------

1	"Аққыстау су арнасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	"Аққыстау ЭКО"
3	"Қабдолқызы" шаруа қожалығы
4	"Құрасов" шаруа қожалығы
5	Жеке кәсіпкер "Закарина У" -(келісім бойынша)
6	Тағы басқа халыққа қызмет көрсету кәсіпорындары мен мекемелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК